



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ



www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 7 ҚАРАША, 2023 ЖЫЛ №124 (23 300)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• САЙЛАУ – 2023

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

Кейінгі жылдары елдегі сайлау жүйесі көп өзгеріске түсті. Ашықтықты қамтамасыз ететіндей жетілдірілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен іске асқан сайлаудағы реформалар бұқара мен билік арасындағы алшақтықты жоюды көздейді. Соның айқын көрінісі – халықтың ауыл, аудан, қала әкімін сайлауы. Осылайша, саяси реформаларға жұртшылық куә бола бастады.

5 қарашада қанатқақты жобада өткен облыстық маңызы бар қалалар мен аудан әкімдерін сайлау оның бір дәлелі деуге толық негіз береді. Ел бойынша мұндай жобада 45 қала, аудан бар. Оның үшеуі – Қарағанды облысында. Приозерск қаласы, Ақтоғай және Осакаров аудандарында жексенбі күні халық әкімін сайлады. Аудан және қала әкімін тұңғыш рет жұртшылық өзі тандады. Бұқара мемлекеттің басқару ісіне белсене араласуы үшін табысты реформалар кезең-кезеңімен іске асып келеді. Сайлау күні аталған бір қала, екі ауданда сайлау учаскелері белгіленген уақытта жұмыстарын бастап кетті. Облыстық сайлау комиссиясының мәлімдеуінше, сайлау заңнамасына қатысты құқық бұзушылық орын алған жоқ. Халық бұл сайлауда да белсенділік танытты. Тарқатылық...

Белсенділік берекеге бастайды

5 қараша күні елімізде тұңғыш рет 42 аудан және облыстық маңызы бар 3 қаланың әкімін сайлау өтті. Бұл пилоттық жоба ретінде жүзеге асырылды. Әкімдері сайланғалы отырған 3 қаланың бірі Қарағанды облысына тиесілі Приозерск қаласы болды. Сайлау кезінде 11 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Сайлаушылардың нақтыланған тізімінде қалада сайлаушылар 6534 адамды құрады. 3516 сайлаушы дауысын беріп, таңдау жасады. Учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізіндегі сайлау қорытындысында сайлаушылардың 55, 16 пайызы дауыс берді. Қалалық сайлау комиссиясының мәліметінше, сайлауға жалпы 4 кандидат ұсынылған. Сайлау барысында ешқандай заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Бұл туралы Приозерск қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бекзат Сәрсембеков хабарлады.

– «Әр ауыл, қала өз әкімін өзі таңдап алады» деген Мемлекет басшысының сөзінен соң, қала халқы сайлауға бейжай қарамағандай көрінеді. Жұрт учаскеге келіп, белсенді дауыс беріп, сайлау қарқынды жүріп жатыр. 6534 қала тұрғыны сайлау учаскелеріне тіркелген еді. Дәл қазір 44 пайыздан астам сайлаушылар дауыс берді. Сайлауға бүкіл жағдай жасалған. Мен Әділетті Қазақстан құру жолында өз үлесін қосып, дауыс беруге келген адамдардың көптігіне қуандым. Және бұл тек 50 және 60 жастағы адамдар ғана емес. Өз таңдауын жасаушылар арасында 18 жастағы азаматтар да бар. Мысалы, жақында ғана көмекте толып, сайлауға өмірінде бірінші рет келген жігітті кездестірдім. Бұл жастардың қаланың жағдайына алаңдап, өз болашағына ұмтылып жатқанын көр-



сетеңді, – дейді Бекзат Сәрсембеков. Бозала таннан Приозерск қаласының әкімдігі сайлауға байланысты қала ішіндегі қоғамдық көліктерде тегін жол жүруді қамтамасыз етті. Қала әкімдігі көлік компаниясымен келісімге келген. Өз учаскелері бойынша хабарласқан карт адамдарға еріктілер арқылы автокөлік жіберілді. Осылайша тасымалдаушылар тарапынан халыққа әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Бұл мамандардың мәлімдеуінше, сайлаушылардың азаматтық белсенділігі мен құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал еткен.

Сонымен қатар, бұл күні қалада сайлау учаскесінің алдында кішігірім жәрмеңке ұйымдастырылды. Ауылшаруашылық жәрмеңкесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер арзандатылған бағамен саудаға шығарылды. Жәрмеңкеге қала кәсіп-

керлері жұмылдырылды. Жәрмеңкеде дауыс берушілер тұрақтандыру қорының бағаларына сай азық-түлікті, соның ішінде көкөністі, арзанға сатып алды.

Еңкейген қариядан 18 жасқа толған жасқа дейін саяси науқанға белсенді атсалысты. Приозерск қаласындағы №801 сайлау учаскесінде 18 жасқа толған сайлаушы Жәніс Құрбанов алғаш рет дауыс берді.

– Қаламыздың тұрғыны ретінде сайлаудың маңыздылығын түсініп дауыс беруге келдім. Бүгін өзімді жауапты тұлға ретінде сезіндім, – деді жас сайлаушы. Ол еліміздің маңызды саяси науқанына жауапкершілікпен қарайтыны жайында пікірін білдіріп, алғаш рет сайлау бюллетенін алып қана қоймай, естелік сыйлыққа ие болды. Сайлаушыларға тосын сый да жасалды. №258 сайлау учаскесіне ең алғаш болып өз таңдауын жасауға асыққан шаһар тұрғыны Дәулет Шашалов сыйлыққа ие болды.

– Әр сайлау – еліміз үшін маңызды науқан. Сондықтан, әр азаматтың дауысы маңызды. Оның ішінде, Президент бастамасымен қала әкімін тұрғындардың өздері таңдауының маңыздылығы жоғары. Алғашқылардың бірі болып дауыс бергенімді мақтан етіп тұрмын. Осы әрекетіммен көпке үлгі болсам, қандай тамаша! Бұл күннің менің өмірімде алар орны ерекше болды десем де болады. Еліміз өркендей берсін! – дейді Дәулет Шашалов.

Жергілікті халық жалпы, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін тікелей сайлау – азаматтардың конституциялық құқықтарын толыққанды іске асырудағы белсенділігін арттыруға, халықтың билікке деген сенімін және әкімнің халық алдында есеп беруін күшейтуге, әкімнің халықтың қажеттіліктері мен проблемаларына ден қою жеделдігін арттыруға, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді деген пікірлерін жеткізді.

Саяси сергектік – сенімнің серпіні

Алғаш рет қанатқақты режімде өткен аудан мен қала әкімдерінің сайлауы халқымыздың ғана емес, шартараптың назарын аударғаны белгілі. Партиялар да, тұрғындар да саяси доданың қорытынды нәтижесін асыға күтті.

➤ 2-бет

Сайлау қорытындысы жарияланды

Орталық сайлау комиссиясы 5 қарашада пилоттық жоба ретінде өткен аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдері сайлауының қорытындысын жариялады. Елдің 17 облысында өткен сайлауға 42 аудан және үш қала кірді. Өкілеттілеріне сәйкес олардың тізбесін облыстардың мәслихаттары бекітті.

Облысымызда пилоттық жобаға Осакаров және Ақтоғай аудандары, Приозерск қаласы кірді. Сайлау балама негізде өтті. Олардың әрқайсысында үш кандидаттан болды. Сондай-ақ, бюллетеньде «барлығына қарсы» деген баған қарастырылды.

«Сайлау науқаны республиканың сайлау заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес өтті. Дауыс беру күні байқауды Қазақстан Республикасының 8500-ге жуық кандидаттары, бақылаушылары мен БАҚ өкілдері жүзеге асырды», – делінген Орталық сайлау комиссиясының хабарламасында.

Қарағанды облысында әкімдерді сайлауға сайлаушылар тізіміне 38126 азамат енгізілді. Дауыс беруге 25781 адам қатысты.

Нәтижесінде, Осакаров ауданы бойынша қазіргі әкім Руслан Нұрмұханбетов жеңіске жетті. Оған 14365 сайлаушының 11595-і дауыс берді. Бәсекелестері Нәсіп Шалабаева мен Ермек Дөненбаев тиісінше 1391 және 1276 дауыс жинады.

Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков 5656 дауыспен өз қызметін сақтап қалды. Ал, Нұржан Сейітовке 1251 сайлаушы, Нұрланбек Жаңабегеновке 695 сайлаушы дауыс берді.

Приозерск қаласында қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Мансұр Ахметов 2664 дауыс жинап, жеңіске жетті. Қарсыластары Светлана Попченко мен Руслан Койшин сәйкесінше 477 және 340 дауыстан жинады.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Президенттен хат алды

Е.Бөкетов университетіндегі заң факультетінің студенті Унзила Берденоваға Мемлекет басшысынан хат келді.

Аяулым СОБЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Унзила Мемлекет басшысына жолдаған хатына жауап тез келеді деп ойламаған. Хатында Президент тарапынан жастарға көрсетіліп отырған қолдау жөнінде айтқан. Сондай-ақ, елдің өркендеуі мен жастардың жағдайы жайлы баяндаған.

– Хатта Президентімізге ізгі тілегімді білдіріп, қазіргі таңда жастарға берілген мүмкіндіктер мен құқықтық мемлекетті дамытып отырғаны үшін алғысымды айтып, қолдау көрсеткен болатынмын. Менен басқа миллиондаған адам Мемлекет басшысына хат жазады, соның ішінде, менің хатыма жауап береді деген ой тіптен болмады. Жауап хатты қолыма алғанда қатты толқыдым, – дейді Унзила Берденова.

Бөкетов университетінің үздік студенті әр адамның үні Президентке жететініне сенімі арта түскенін айтады.

Өңір өнертапқыштары өрден көрінді

Техникалық шығармашылық пен жаңа технологияның VIII халықаралық «RoboLand 2023» форумы мәреге жетті. Биылғы командалық бас жүлде – жерлестер еншісінде. Қарағандылықтар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузия командалары өнер көрсеткен халықаралық фестивалде көптен ерекшеленді.

Аяулым СОБЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Roboland фестивалі Қарағандыда 2015 жылдан бері өткізіліп келеді. 2016 жылдан бастап халықаралық мәртебеге ие болды. Осы уақытқа дейін Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Сербия, Польша, Италия, Греция командалары өнер көрсеткен. Жыл сайын фестивальдің ауқымы кеңейіп, бәсекелестік те артып келеді. Биыл оқушылар робот-тышқан, робот геометриясы және басқарылатын роботтардың фин-футболы, олардың лабиринттен өтуі, робо-сумо және биатлон, тенге алу, кедергілерден өтуді қоса алғанда 16 әсерлі аталым бойынша жарысты.

Биылғы жылдың ерекшелігі – жасөспірімдермен қатар жарысқа педагогтердің де қатысуы. Сондай-ақ, мұғалімдердің Roboland Kazakhstan санатында өз шеберліктерін көрсетуі де ескерілді. Бұл талап сондай-ақ қадағалаусыз қалмай, оқушы мен мұғалімге қолдау білдіру мақсатын



көздеген. Еліміздің көптеген қаласынан келген мұғалімдер сайысқа сақадай сай болып келіпті. Қазақстанның барлық облыстарынан, сондай-ақ, Астана мен Шымкент қалаларынан қатысушылар легі көп болды.

Өскеменнен жетекшісімен келген Шыңғыс Мұхамеджановтың «Робот Валли реттеуші» жобасы мектептен қайтқан балаларға арналған.

➤ 2-бет

<



Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ақтоғай ауданында әкім сайлауына байланысты 38 сайлау учаскесі талапқа сай жұмыс істеді. Сайлау учаскелерінде заңбұзушылық тіркелген жоқ. Аудан бойынша сайлау учаскелеріне барлығы 10 475 адам тіркелген. Саяси додада шығарылған қорытынды есеп бойынша дауыс берушілердің 74,26 пайызға жуығы сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауын жасады. Ақтоғай ауданында 7779 адам дауыс берген. Бұл жөнінде ауданның аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жанболат Райымбеков мәлімдеді.

– Ақтоғай бойынша аудан әкімі лауазымына үміткер төртеу. Олар төрт партиядан ұсынылған. Атап айтқанда, «Қазақстан Халық партиясы», «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Аманат» партиясы, «Respublica» партиясы. Тұрғындар белсенді түрде маңызды науқанға атсалысқандығы қуантты. Денсаулығына байланысты үйінен шықпай-ақ дауыс берген қариялар да баршылық. Осы орайда сайлау учаскесіне келе алмаған қарттардың үйіне жәшікті арнайы апарып, таңдау жасауға мүмкіндік беріп отыр. Бала-шағаның амандығы мен бейбіт өмірі үшін, ел ертеңі үшін Майкена Шалхарбаева, Грегори Старицин, Қабира Жұмаханқызы бастаған қарияларымыз өз таңдауын жасады, – дейді Жанболат Жанатбекұлы.

Таң құланиектенген сәттен-ақ, доданың қазаны қайнай бастады. Таңғы сағат 07.00. Шашубай кентінің халқы өздерінің тұрғылықты жері бойынша орналасқан сайлау учаскелеріне қарай ағыла бастады. Өз таңдауын бірінші болып кент тұрғыны Сералы Нұрланұлы жасады. №474 сайлау учаскесіне келген ол Президент реформасына сәйкес халықтың әкімді сайлауда өздері таңдауы маңызды екендігін жеткізді. Кент тұрғынының айтуынша, мұнда ол



учаске ашылмай тұрып келген.

– Сайлауда өз дауысымды беруді азаматтық міндетім деп білемін. Бірінші болып дауыс беру үшін ерте тұрып, сағат 06:00-ден бері учаскенің ашылуын күттім. Ауданымыздың болашағын айқындайтын үлкен саяси науқанға алғашқы болып үлес қосқым келді, – деді Сералы Нұрланұлы.

Еліміз үшін маңызды күнде барша ақтоғайлықтар жұмыла атсалысты. Ел болашағын ойлайтын қоғам белсенділері, қариялар, жастар, көпбалалы аяулы аналарымыз да саяси науқаннан қалыс қалған жоқ. Бақылаушылардың пікірінше, пилоттық жоба ретінде өткізілген саяси дода ауданда ерекше белсенділікпен, жоғары деңгейде, ешқандай заңбұзушылықсыз және барлық талаптарға сай жағдайда өтті деуге болады. Аудан орталығынан бөлек кенттер мен ауылдарда науқан тұрғындардың белсенді қатысуымен өтті.

Жастар жауапкершілігі қуантты

Осакаров ауданында тіркелген 21 277 дауыс берушінің 14 486-сы саяси науқан-

да белсенділік танытты. Аудан бойынша 41 сайлау учаскесі жұмыс істеді. 208 адам алғаш рет дауыс берді. Денсаулығына байланысты үйден ұзай алмайтындарға, қарияларға арнайы құрылған жұмыс тобы сайлау жәшігін апарды. Олардың саны 308-ді құрап отыр. Тіпті, Invataxi қызметін де қосқан. Тегін таксимен келіп, таңдауын жасағандардың бірі – Любовь Лысенко. Ол «Аудан әкімін сайлау – жаңа өзгерістердің шынайы көрінісі» дейді.

– Елімізде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Бұл – жақсылықтың нышаны. Халықтың пікірі қашан да маңызды. Жоспарлаған өзгерістердің барлығы сәтті жүзеге асуына тілектеспін. Әр сайлаудан қаймауға тырысамын. Өйткені, қазақстандық ретінде өз үнімді қосуым – борышым. Жерлестеріме амандық тілеймін. Отанымыз гүлдене берсін! – деді Любовь Лысенко.

Дауыс бергендердің бірі – Жұмағазы Сапаров. Ауданда өтетін маңызды саяси шаралардан қалыс қалмайды.

– Бұл сайлау Әділетті Қазақстанды құруға, оны дамытуға тікелей әсер етеді. Енді әкімді өзіміз таңдай аламыз. Науқанға ауылдың жастары да, қарттары да барды. Сол көрініске қарап қуандым. Өйткені, өз еліңнің тағдырына бейжай қарауға болмайды. Әсіресе, жастардың қарасы қалың. Келешек – соларда. Жас буын өз мемлекетінің тағдырына алаңдап, әр шарада белсенділік танытулары тиіс. Ақ пен қараны ажырата алатындай білім жиып, олар да халыққа қызмет етуге талпынса деген тілек. Халық сенім артып, сайлағаннан кейін әкім де ерекше ынтымен қызмет етеді ойдамын, – деді Жұмағазы ақсақал.

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Дана Молдағалиева заң бұзу дерегі анықталмағанын айтады.

Нұрлос КӘРІМ,
Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Сайлаудың саяси маңызы зор

Ақтоғай ауданы әкімінің тікелей сайлауы халықтың билікке деген сенімін арттыруға ықпал еткені даусыз. Халықтың қалауымен жаңадан сайланған Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков – елінің елеулі ұлының табысты болуының шынайы көрсеткіші, еліміздегі жастардың жетістіктер баспалдағымен қарқынды өркендеуінің нақты қадамы.

Бұл сайлаудың маңыздылығы орасан. Себебі, біз өз таңдауымызды білдіре отырып, баршамыз Қазақстанның саяси жүйесін нақты жаңғыртуға атсалысамыз.

Сайлау учаскелерінде сайлау комиссиялары өздеріне жүктелген міндетті мұлтіксіз атқарды. Комиссия мүшелері ауданның беделді және құрметті азаматтарынан жасақталды. Мұндай қоғамдық жұмыста сауаттылық пен жауапкершілік, саяси кемелдену және ұстанымдылық аса қажет.

Сонымен қатар, сайлауға «Аманат» партиясының, «Ауыл» партиясының, «Республика» партиясының байқаушылары қатысты. Негізі, сайлау штаттық режимде өтті. Бүгінгі күні біз дауыс бере отырып, елдің тікелей дамуына зор үлесімізді қос-

тық. Бұл азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтарын толыққанды іске асырудағы белсенділігін арттыруға, халықтың билікке деген сенімін және әкімнің халық алдында есеп беруін күшейтуге, әкімнің халықтың қажеттіліктері мен мәселелеріне ден қою жеделдігін арттыруға, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік берді.

Мен шын жүректен барлық жерлестеріме сүйікті Отанымыз – Қазақстанды өркендету жолында толағай табыс тілеймін.

Айман ТҮКБАЕВА,
ТМД және Қазақстан елдерінің білім беру үздігі

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Қайрат НҰРКЕНОВ:

Халық биліктің ықпалынсыз өз таңдауын жасады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған саяси реформалардың жалғасы ретінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өтті. Қарағанды облысы бойынша Приозерск қаласы және Ақтоғай, Осакаров аудандары тұрғындары әкімдерін өздері таңдады. Халықтың тұрмысы мен тағдырына тікелей әсер ететін бұл сайлау пилоттық жоба ретінде өткенімен, болашақта екі тараптың да жауапкершілігін күшейтпек. Еліміз үшін маңызды саяси шараның қалай өткені жайлы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркеновпен әңгімелескен едік.



– Қайрат Қаршығаұлы, жалпы, екі аудан мен бір қалада тіркелген сайлаушылар тізіміне тоқталсаңыз...

– Облыс бойынша Ақтоғай, Осакаров аудандары және Приозерск қаласы бойынша өткен сайлауға 38 126 адам сайлаушы ретінде енгізілген болатын. Оның 25 781-і дауыс берді.

– Қай ауданның, қаланың халқы белсенділік танытты?

– Аталған екі аудан мен бір қала тұрғындарының 67 пайыздан астамы дауыс берді десек, оның ішінде белсенділік танытқан Ақтоғай ауданы екенін айту керек. Аудан тұрғындарының 74 пайыздан астамы өз таңдауларын жасады. Одан кейінгі орында – Осакаров ауданы. Яғни, 68,08 пайыз. Ал, Приозерск қаласы бойынша тұрғындардың 55,16 пайызы өз таңдауын жасады.

– Сонымен, нәтиже қандай?

– Бір қала, екі аудан бойынша аудан әкіміне кандидат ретінде 9 адам тіркелгенін айтқан болатынбыз. Солардың ішінде Приозерск қаласы бойынша сайлаушылардың ең көп дауысын Мансұр Ахметов жинады. Бұған дейін Приозерск қаласы әкімінің міндетін атқарушы болып қызмет еткен оның кандидатурасын 2264 тұрғын қолдаған.

Ал, Ақтоғай ауданы бойынша Руслан Кенжебеков ең көп дауысқа ие болды. Яғни, 5656 дауыс. Руслан Айткеноұлы аталған ауданның әкімі лауазымын атқарған.

Осакаров ауданының тұрғындарының таңдауы бойынша Руслан Нұрмұханбетов ең көп дауыс жинады. 11 595 дауыс жинап, өзгелерден оза шыққан Руслан Есенбекұлы да Осакаров ауданының әкімі қызметінде болған.

– Дауыс берудегі алшақтық қандай? Соған сәйкес, сайлау әділ өтті деп айта аламыз ба?

– Әлбетте, сайлау әділ өтті деп сеніммен айтамыз. Бұл жерде биліктің араласуынсыз, халықтың өзі таңдауын жасағанын айту керек. Дауыс беруде алшақтық бар. Мәселен, Приозерск қаласы бойынша ең көп дауыс 2664 болса, ең азы – 340. Ақтоғай ауданында да алшақтық байқалады. Аталған ауданда ең аз дауыс саны – 695. Ал, Осакаров ауданы әкімдігіне кандидат ретінде тіркелген үміткер жинаған ең аз дауыс – 1251.

– Президент «Қазақстандағы сайлау туралы» Конституциялық заңға барлық кандидаттарға қарсы дауыс беруді қарастыратын түзетулерге қол қойды. «Барлығына қарсымын» деп дауыс бергендер болған шығар...

– Әрине, болды. Бірақ, кандидаттар жинаған дауыс санынан көп емес. Нақты айтар болсақ, Приозерскіде 19 сайлаушы «барлығына қарсы» деп дауыс берді. Ал, Ақтоғай ауданының 103 тұрғыны дәл осы бағанды тандаған. Осакаров ауданында да осындай көрсеткіш. Яғни, 103 адам «барлығына қарсымын» деген белгіні таңдады.

– Қайрат Қаршығаұлы, басты мәселе – сайлаудың қалай өтетіні және оның қалай бақыланатыны. Байқаушылар тарапынан саяси доданың өту барысына қатысты шағым болды ма?

– Жок, болған жоқ. Халық өзі таңдаған кандидатқа дауыс берді. Байқаушылар тарапынан бір қала мен екі ауданда өткен әкім сайлауында ешқандай шағым болған жоқ.

– Бұған дейін осы аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы әкім сайлауына қатысты түрлі пікірлер айтылды. Соның бірі – пилоттық жоба ретінде алғаш рет өтетіндіктен, биліктің ықпалы болады деген ой. Бұл туралы не айта аласыз?

– Әлбетте, алғаш рет өткен сайлау болса да, биліктің еш ықпалы болған жоқ. Бұған дейін кандидаттар елу күн қатарынан өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Барлығына бірдей басымдық берілді. Сайлау комиссияларына да арыз-шағым түскен жоқ. Сондықтан, халық биліктің ықпалынсыз өз таңдауын жасады деген сеніммен айта аламыз.

– Өңіміңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір өнертапқыштары өрден көрінді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Валл-и кеш батқанда жарық жағып, көлікті тоқтатады. Егер көлік қатты жатса, ал бала жолдан өтіп бара жетсе Валл-и дереу жолға шығып, жарық жағады. Ол көліктің келе жатқанын алыстан сезеді. Жол-көлік апатынан сақтайды, – дейді Шыңғыс.

Сондай-ақ, Павлодар қаласынан келген «Сатурн» робототехника мектебінің 2-сынып оқушысы «Болашақтың мектебін» ойлап тауыпты.

– Біздің мектеп мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған. Олар сабаққа лифтімен көтерілу арқылы бара алады, – дейді 2-сынып оқушысы Қайсар Қайыржанов.

Финалдық сайыста 6 елден келген 300-ден астам команда бақ сынады. Жас өрендер роботтар арқылы түрлі ойын түрлерін көрсетті. Мәселен RoboLand-2023 көрмесіне Бішкектен келген 18 жастағы Ринат Советканов «жеті жылдан астам робототехникамен айналысып келемін, өнертабысқа деген сүйіспеншілікті оятып, соңында бағдарламалау және 3D модельдеу жобаларына қатыстым» дейді. «Лабиринт» аталымының қатысушылары 15 жасар Масут Мадоминов пен 16 жастағы Тимур Тынчеров те жастайынан



робототехникамен айналысқан. Ал, Ринат фестивальға 2018-2022 жылдары келіп, шығармашылық сайыста командасымен екінші орынды иеленген.

RoboLand-2023 көрмесіне келген шетелдік қонақтар қатарында Португалиядағы Минхо университетінің өкілі, профессор Фернандо Рибейро да бар. Профессор Қазақстанға алғаш сапарының

Қарағандыдан басталғанын жоғары бағалайды.

– Жас қатысушылардың робототехникаға құмар болуы – маңызды әрі әсерлі. Олар жас болғанымен, не қалайтындарын біліп, соған қуанатыны жақсы. Осындай фестивальдар арқылы өскелең ұрпаққа көңіл бөлінеді. Өйткені, олар – біздің болашағымыз. Басқа елдерде техникалық

саланың қалай дамып жатқаны мені үнемі қызықтырады. Біз елімізде осы бағыттағы білім беру жобаларына балаларды қызықтыруға тырысамыз. Қазіргі таңда RoboParty ұйымдастырамыз, – дейді Фернандо Рибейро.

Әрине, финалға қатысу үшін іріктеу жарыстарында жеңіске жету немесе биліктілік іріктеуінен өту маңызды. Іріктеудің Қарағанды облысының аудандары мен қалаларында, сондай-ақ Маңғыстау және Қостанай облыстарында, Ресейдің Серов қаласында өткізілгенін атап өткен жөн. Іріктеу жарыстарында 1100-ден астам команда қатысты. Фестиваль күні дәстүрлі іскерлік бағдарламаға әлемнің түрлі елдерінің спикерлері қатысты. «Жаһандық өзгерістер дәуіріндегі білім беру робототехникасын дамыту жолдарына» үңілген мамандар информатика және STEM-білім беруді дамытудың маңызды мәселелерін талқылады. Жарыстың бас төрешісі, халықаралық спорттық және білім беру робототехникасы қауымдастығының президенті Максим Васильев «Леонардо да Винчи картиналармен қатар, тікұшақтың прототиптерін және басқа да техникалық өнертабыстарды жасады. Бұл да – шығармашылық. Ол тек әдемі технологияны ғана емес, оңтайлы жұмыс істейтін ұтымды технологияны жасауға бағытталды», – деп атап өтті.

– Төрешілер тобына 2016 жылы келдім. Ұйымдастырушылар бастапқыда RoboLand-ке көбірек жас қатысушыларды тартуды көздеді. Осылайша олардың техникалық шығармашылықта өзін көрсетуге көбірек мүмкіндіктері болды. Ең ірі фестивальдар 2019 жылы өте бастады, содан кейін ғана алдын ала іріктеу кезеңдері ұйымдастырылды, – деп бөлісті жарыстың бас төрешісі Максим Васильев.

Сөйтіп «RoboLand 2023» халықаралық фестиваліндегі жалпы командалық есепте облыс командасы тағы да жеңіске жетті. Екінші орынды Өзбекстан құрамасы жеңіп алса, Маңғыстау облысының оқушылары үшінші орынды місе тұтты.

Атап айтсақ, соңғы сайыста «Дарын» мектебінің «Нақты әлемдегі STEM технологиялар» мен «Ақпараттық технологиялар» мектебінің «Роботтармен шоуы» үздік танылды. Шахтинск қаласындағы Оқушылар сарайының «Робогеометрия (2-денгей)» жобасы Р.Қошкарбаев атындағы орта мектеп (Нұра ауданы) оқушыларының «Су роботтарының лабиринті» ерекше көзге түсті. №12 негізгі мектеп пен (Осакаров ауданы) №20 мектеп-лицейінің (Теміртау қаласы) «3D прототипі (2-денгей)» жобалары да озық үлгілер қатарынан көрінді.

Барлық жеңімпаздарға лауреат дипломдары, мерейтойлық медальдар және АITAS қазақстандық холдингінен жаңа заманауи смартфондар табысталды.

Бейінді мамандар даярлауға басымдық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында еліміздің басты құндылығы – адам екенін айтып, денсаулық сақтау саласын жетілдіруге баса назар аударған болатын. Нақты міндеттер де жүктегені белгілі. «Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындары жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70%-ға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді», – деді Президент. Биылғы оқу жылында резидентура бойынша мемлекеттік гранттар көлемі 1500-2500-ге жетті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін резидентураға бөлінетін гранттар саны өсті. Денсаулық сақтау министрлігі тарапқан мәліметке сүйенсек, резидентураға оқыту 47 бағыт бойынша жүргізіледі. Биыл ел көлемінде акушерлік және гинекология, анестезиология және реаниматология бағытына 200-ден астам грант бөлінді. Одан кейін неонатология – 119, терапия – 115, жалпы хирургияға – 98, неврология бағытына – 92 грант бөлінген. Сонымен қатар, психиатрия – 88, оториноларингология – 83, кардиология – 78, офтальмология – 66, жұқпалы аурулар бойынша резиденттерге – 63, травматология-ортопедия – 62 және 55 грант эндокринология бойынша. Қалған 1 167 грант бұдан басқа бағыттарға бөлінген.

Қарағанды медицина университетіне осы оқу жылында резидентураға 227 мемлекеттік грант бөлінді. Ал, барлығы 346 адам түскен. Ал, бәрін қосқанда 734 адам оқып жүр.

– Денсаулық сақтау министрлігі бөлетін гранттан бөлек, жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы есебінен оқи алады. Оның ішінде, біздің университет Қарағанды облысына ғана емес,




сондай-ақ, Қостанай және Ұлытау облыстарына да резидент маман даярлайды, – дейді Қарағанды медицина университетінің Резидентура және кәсіби даму мектебі деканының орынбасары Жанна Шарапиева.

Резиденттер тәлімгердің бақылауымен теория мен клиникалық практиканы интеграциялау негізінде білім алады, тікелей емдеу ісіне араласады. Медициналық көмек көрсету мен оның нәтижесіне жауапты болуды үйренеді. Әріне, практикалық сабақтардың көп болғаны олардың өздеріне жақсы.

– Резидент дәрігерлерді даярлауда университет кафедраларының оқытушылары маңызды рөл

атқарады. Олар өткізген практикалық сабақтардан резиденттер теориялық білім алып, оны игеру деңгейіне қарай, жауапты болуды да үйренеді. Мамандар резидентурада оқып жүріп, университет клиникасында жұмыс істей алады. Бізде 34 бағыт бойынша резиденттер даярлайды, – дейді Жанна Шарапиева.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасы мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда 128 резидент білім алуда. Олар травматология және ортопедия, жұқпалы аурулар бойынша, акушерлік және гинекология, неонатология, анестезиология және реаниматология, педиатрия және басқа да бірқатар мамандықтарда білімін



Реформа – өміршең өзгерістер

терендетуде.

Резидентура гранттарының артуы әр өңірдегі медицина мамандарының тапшылығын жоюға арналған. Осының арқасында біздің аймақ өңірлер арасында мамандармен қамту көрсеткіші бойынша алдыңғы қатарда. Ол гранттардың жергілікті әкімдіктер немесе медициналық мекемелер есебінен де алуға болады.

– Биыл екі резидентке тапсырыс бердік, – дейді Абай ауданының аудандық ауруханасы директоры Айгүл Башекова. – Балалардың невропатологы мен офтальмологты оқытып жатырмыз. Қазір невропатолог ауруханада бар, бірақ, зейнет жасына жетіп қалды. Біз алдын алу үшін маман оқытып жатырмыз.

Облыс әкімдігі мен басқарма тарапынан өңірде маман тапшылығын азайту, жас мамандарды елге тарту және тұрақтандыру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Биыл алғаш рет ауылдық елді мекендерге баратын жас мамандарға 5 млн. теңгеге дейін қосымша қолдау жасалды. Бұған жергілікті бюджеттен 291 млн. теңге бөлінді.

Денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығы, білікті мамандармен қамту, жас мамандарды елді мекендерге тарту – талқыланып келе жатқан мәселе. Мемлекет басшысының резидентураға бөлінетін гранттар санын арттыру жайлы тапсырмасы осы мәселенің түйінін тарқатар бір себеп болары анық.

Еске алу

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Қызылжар ауылының тумасы, асқар тау әкеміз, немерелерінің атасы **Әбілхан ТҮСПХАНҰЛЫНЫҢ** бұл дүниеден бақилық болғанына қараша айының 12 күні 1 жыл болады.

Уақыт өткен сайын әкеге деген сағыныш сезімі алаулай береді. Кеше ғана арамызда жүрген ардақты әкеміздің жылы жүзі есімізден кетпейді. Арманыңыз асқақ, жүрегіңіз мейірімге толы ақжарқын бейнеңіз ұрпағыңыздың мәңгі есінде қалмақ.



Әке біз үшін дарасың,
Мәңгілік есімізде қаласың.
Алладан тілеп сұраймын,
Жұмақ болсын мәңгі тұрағың.

Сағынышпен еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері.**
№583

• ҚҰРЫЛТАЙ

Ардагерден өнеге

Қарағандыда ардагерлердің құрылтайы өтті. Құрылтайда Ауғанстан және Қарабах аймағында әскери борышын өтеген ардагерлерге құрмет көрсетілді. Жас буынға өнеге айтылды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын барысында ардагерлер қауымы егемендіктің құндылығы хақында ілкімді ойлар қозғады. Сонымен қатар, жиналған жас буын өкілдеріне Отан алдындағы борышты өтеудің маңыздылығын айтты. Көбісі әскерден қашатындарын да тілге тиек етті. Бұл – қоғамның проблемасына айналған.

– Жастарға дұрыс тәрбие бере білуіміз қажет. Бұл – біздің алдымызда тұрған міндет. Жылына бірнеше рет жоғары оқу орындарын, колледждерді, мектептерді аралап, патриотизм жайында дәріс өткіземіз. Жастарымыз әскерге барғысы келмейді дегенді жиі естіміз. Олар Отан

алдындағы борышын өтегісі келмесе, елді, жерді келешекте кім қорғайды? Дана қазақ «жау жоқ деме, жар астында» деген. Сол себепті де, ардагерлер белсенді болуы тиіс. Жас буынның тәрбиесіне араласу қажеттілігі туындап тұр, – деді ішкі істер органдарының ардагері Жәнісбек Сүйіндіков.

Осы құрылтай арқылы өзімізді қала, аймақ басшылығына таныстырғымыз келеді дейді ардагерлер. – Аймақ басшылығына ұрпақ тәрбиесінде белсенділік танытуға дайын екенімізді жеткізім келеді. Жастардың көзіндегі отты жағу қажет. Олар қолдау мен жалынды сөздерге мұқтаж. Өзінің елін, жерін, анасын, қарындасын, жарын қорғайтын мінезді, қайсар жігіттер көбейсе дейміз, – деді облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жазықен Томпиев.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Озық технологияға қолжетімділік артады

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ғалымдары Қытайдағы XVIII халықаралық маркшейдерлік конгрестің жұмысына қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында Қытайда тау-кен саласындағы маркшейдерлік-геодезиялық және геомеханикалық шешімдерге арналған кезекті XVIII халықаралық маркшейдерлік конгресс (ISM) өткен болатын. Оған әлемнің 32 елінен, атап айтқанда Қытай, Германия, Ресей, Африка, Аустралия, Вьетнам, Өзбекстан, Албания елдерінен ғалымдар және 500-ден астам тау-кен кәсіпорындарының маркшейдерлері мен жетекші профессорлары қатысты.

Еліміздің ғалымдары Қы-

тайдың екі – Пекин мен Суйчжоу қалаларында болды. Кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарының өкілдері тау-кен өндірісі саласындағы озық технологиялармен бөлісті. Ал, жабдық өндірушілер конгреске қатысушыларды жаңа құралдармен және лазерлік-цифрлық өлшеу аспаптарымен таныстырды.

Конгресс жұмысында әзірлемелер арнайы дипломдармен және наградалармен марапатталды. Ғалымдар студенттік және магистрлік зерттеулерге ерекше назар аударды. Қазақстандық ғалымдардың өлшемелері ISM Президентінің сертификаттарымен марапатталды.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі Балқаш қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұмановқа туған апасы, еңбек ардагері, көпбалалы ана

Тамара АҚТАЙҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• КӨКЕЙКЕСТІ

Қолөнерге де қолдау керек


Қолөнердің кенжелеп қалмағаны жақсы. Егер құлшыныс пен қолдау болмаса, ынталандыру да жок деп есептей беріңіз. «Қолөнерде ұлттың үні бар» дейді есімі көпке таныс Амантай Акишев. Шебердің 5 жыл бұрын Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдығына жасаған «Бағаналы орда – басты орда» атты туындысын дүйім жұрт ерекше толқыныспен қабылдады. Қолөнер шеберінің тосынсыйларын тамашалап, жаңалығын білмекке шеберханасына бардық.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге қойылған қолөнер

Қазіргі таңда дөңгелек әрі бедерлі мүсіндер жасап жүр екен. Тасқа нақыштап ойып сурет салуды (гравировка) да қолға алыпты. Әріне шеберханаға ат басын бұрғандар алдымен білімнен ілімге, бітімгерлікке шақырған баба мүсінін сұрайды. Бұқар жырау Қалқаманұлының өміріне шолу жасаған হাস шебер баба мүсініне тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев жоғары баға бергенін айтады. Жақында Бұқар жырау ауданы атынан қасиетті Түркістан шаһарында орналасқан Шаммет ишан музейіне (медресесіне) өзі мұрындық болып орнатқан мемориалдық тақтаның ашылуына барған.

Амантай шебердің қолынан шыққан ғасыр ғұламасы Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығына



көрмесінен көзіміз шалған. Қолдан шыққан дүниелердің басым көпшілігін Көкшетау, Павлодар, Түркістан, Ақтау қалаларындағы қайтарымсыз мұражайларға табыстапты. Шеберханада жүріп, жасаған туындыларының нақты есебін жүргізе алмадық. Үлкен-кішісі бар шамамен 40-50-ден асады. Көңіл білдіріп, қалап алған елге сыйланғандарды есептемедік.

«Кәсіп көзіне айналып келеді»

Амантайдың айтуынша, мүсін жасау адамды шыдамдылық пен шығармашылыққа тәрбиелейді. Тарихтың терең қойнауына ой жүгіртуге тура келеді. Мүсінді көненің көзіндей әрі тарихтың өзіндей істеу үшін. Шеберге қазіргі таңда оңтайлысы тарихты тереңнен зерделеуге мүмкіндіктің көптігі. Академик, профессорлармен тілдесіп, тікелей байланысқа шыға алу – үлкен олжа. Оған қоса, кез келген дамыған мемлекетте туризмді дамыту жолы – ежелден осы күнге дейін жеткен құнды жәдігерлердің көптігіне байланысты.

– Мүсіннің композициялық шешіміне қарай орындалу уақыты да әркімді. Бір аптадан айға дейін уақыт алатын жұмыстар бар. Көбінесе көрмеге ұсынған туындыларды тамашалағандар тарапынан тапсырыстар жиі түседі. Бір жағынан кәсіп көзіне айналып келе жатқандай. Кейбір жағдайда монументалды реставрациялық бағытта тапсырыстар болады. «Көз



жасаған «12 мүшеч сау болса» атты инсталляциясы да көпшіліктің көңілінен шыққан. Оны Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің өлкетану мұражайына сыйлапты. Бұған дейін Амантай Акишев туындыларының бірқатарын Қарағандының жас суретшілері

● КИНОИНДУСТРИЯ


Қазақстандық туындылар әлем төрінде

Аустралияда Asia Pacific Screen Awards азиялық киносайысында қазақстандық үш фильм жүлдегерлер қатарынан табылды. Олар – режиссер Асхат Кучинчерекөвтің «Бауырына салу», Дархан Төлегеновтің «Ағайынды» және Айсұлтан Сейітовтің «Қаш» картиналары. Бір айта кетерлігі – үш фильм де режиссерлердің тырнақалды туындылары.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Отандық фильмдердің екеуі «Бауырына салу» мен «Ағайынды» ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген. Оның ішінде, «Бауырына салу» «Үздік жастар фильмі» аталымын жеңсе, «Ағайынды» картинасында басты рөлдердің бірін сомдаған Айбар Салы мен Әлішер Исмаилов «Үздік жаңа қойылым» жүлдесіне ие болды. Ал, «Қаш» туындысына «Үздік операторлық жұмыс» номинациясы бұйырды.

Үш картинада қазақ басынан өткерген нәубетті жылдар мен тағдыр тауқыметін тартқан жандардың өмірін суреттеген.



«Бауырына салу» фильмі сәби кезінен әжесінің тәрбиесін көрген баланың оқиғасын баяндайды. Туындының тұсауы осы жылы Испанияның Сан-Себастьян қаласында өткен беделді кинофестиваль-

да кесілген болатын. Ол «Жаңа режиссерлер» бағдарламасында көрсетілді.

Ал, «Ағайынды» фильмі өткен жылы Германиядағы Oldenburg International Film Festival фестивалінде «Кино рухы» сыйлығын жеңіп алды. Биылғы сәуір айының бағалауынша, Қазақстанның киносыншылар қауымдастығы бұл картинаны 2022 жылдың «Үздік драмасы» деп таныды. Сонымен қатар, «Ағайынды» кинотуындысы – Италия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Испания және Болгариядағы халықаралық кинофестивальдарда 10 марапат иеленді.

«Қаш» фильміне келсек, ол – сонау қазақ даласындағы 30-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі халықтың қиын тағдыры туралы баяндайтын өте күрделі картина. Кино желісі бойынша, қабір қазушы Исатай өз ауылын құтқару үшін қауіпті миссияға барады. Алайда, жолда оған кезбе кездесіп, оны адастырады. Фильмнің режиссері Айсұлтан Сейітов жазда Шанхай халықаралық кинофестивалінде осы жұмысы үшін «Үздік режиссер» номинациясын жеңіп алды.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Төртсайыста төрге озды

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вера Карпованы еске алуға арналған республикалық матч кездесуінің қорытындысы шығарылды. Қарағандылықтар Қазақстан бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері арасында өткен төртсайыста жеңіске жетіп, жүлделі орындарға ие болды деп хабарлайды облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа 9 облыстың спорт мектептерінің оқушылары қатысты. Атап айтқанда, 14 командада 130 адам сайысқа түсті. Оның 68-і – қыз, 62-сі ұл балалар. Ал, жарыстардың турнирлік кестелері ұлдар мен қыздар үшін бөлек өткізілді.

Әжесін еске алу жарысына Вера Карпованың немересі – Милослава Карпова да қатысты. Ол жеңіске деген керемет ерік-жігерін көрсетіп, 303 ұпай жинап, жеке есепте бірінші орынды иеленді. Милославаның жаттықтырушыларының бірі өзінің анасы, яғни, Вера Карпованың қызы – Ирина Карпова.

Екінші орын қарағандылық Юлия Демкинаға бұйырды. Юлия Милославамен бірге облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде оқиды. Ол 301 ұпай жинаған.

Ал, үшінші орын Сәтбаевтың тумасы – Полина Петроваға тиесілі. Оның ұпай саны – 253.

Ұлдар арасында бірінші орынды 297 балл жинаған Қарағанды қаласының жеңіл атлетикадан олимпиадалық резервтегі ма-

мандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің оқушысы Виктор Исабаев иеленді. Екінші орында – Елнұр Бесенбай. Оның ұпай саны – 259. Ал, петропавлдық Иван Назарук 254 ұпаймен үшінші орынға шықты.

Қыздарға арналған командалық есепте бірінші орынды Қарағанды қаласының жеңіл атлетикадан олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі иеленді. Оның құрамындағы 6 адам жалпы саны 1281 балл жинады. Ал, екінші орынды Өскемен командасы, үшінші орынды қарағандылық команда иеленді.

Қарағанды қаласының жеңіл атлетикадан олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің 6 адамнан тұратын ұлдар командасы да жалпы саны 1204 баллмен бірінші орынды иеленді. Екінші және үшінші орындарға Павлодар мен Өскемен командалары орналасты.

Жарыс соңында жеңімпаздар грамоталармен марапатталып, медальдар мен кубоктарға ие болды.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Оманнан олжалы оралды

Сәкен театрының қуыршақ труппасы Оман елінің астанасы Маскат қаласында өткен халықаралық фестивальдан олжамен қайтты. Өнер ұжымы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген халық ертегісін қуыршақ әлемінде сөйлетіп, «Үздік сахналық костюм үшін» аталымын жеңіп алды.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Алдин» халықаралық фестивалі 10 күнге созылды. Сәкен театрының жанынан үш ай бұрын құрылған қуыршақ труппасы әлем елдерінен өтінім жіберген 200-ге тарта өнер ұжымының арасынан іріктелген 30 театрдың қатарында болды.

Артистер әрқайсысы сахнада бір емес, үш қуыршаққа жан бітіріп, үш рөлді сомдап шықты. Ал, спектакльдегі 11 қуыршақты режиссер Айдын Салбанның жетекшілігімен театр ұжымы жасаған.

Оманға сапар алдында Сәкен театрының қуыршақ труппасы Алматыда өткен «Almaty Puppet Festival» халықаралық фестивалінде де «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін сахналап, «Үздік сценография үшін» жүлдесін еншілеген. Қазан айының басында Жетісу төрінде аты аңызға айналған актриса

Бикен Римованың 100 жылдығына арналған BIKEN-I халықаралық театр фестивалінде О.Бөкейдің «Атау кере» шығармасын қойып, «Үздік режиссура» жүлдесін қанжығалады. Қоюшы-режиссері – Айдын Салбан. Талдықорғаннан кейін Қызылжарда белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған Қазақстан театрларының фестивалінде де «Үздік сценография» аталымына лайық деп танылды.

Астанаға гастрольмен барып, елордалық көрерменге «Ұлтқа қызмет», «Текебұрқақ», «Айналайын», «Атау кере» спектакльдерін сахналады.

Қарағандылық өнер ұжымы республикалық деңгейде ғана емес, халықаралық сахналарда да сәтті өнер көрсетіп, көрерменнің ықыласын, сыншылардың жоғары бағасын алып жүр.

● ХОККЕЙ

«Сарыарқа» шабуылшысы үздіктер қатарында

Әр апта сайын хоккей жанкүйерлері дауыс беру арқылы үздік өнер көрсеткен ойыншыларын анықтайды. Бұл қатарда «Сарыарқа» хоккей клубының шабуылшысы Глеб Зайцев та бар.

Жанкүйерлердің дауыс беруі арқылы «Үздік гол», «Үздік сейв» және «Әсерлі әдіс» аталымы бойынша үздіктер анықталды. Өткен аптада «Әсерлі әдіс» аталымы бойынша ұсынылған номинанттардың ішіннен хоккей жанкүйерлері қарағандылық клубтың шабуылшысы Глеб Зайцевтің павлодарлық «Ертіс» клубына қарсы өткізген кездесудегі әдісін жоғары бағалаған.

Шабуылшы Глеб Зайцев қарсыластардың қарымта шабуыл кезінде керемет тосқауыл қоя білді. Ол қатты жылдамдықпен шабуылға шыққан павлодарлық клубтың қорғаушысы Юсуп Асухановты тоқтату үшін арқасын беріп жерге құлатып түсіреді. Осы бір сәтті хоккей жанкүйерлері ойынның қауіпті әрі әсерлі тұсы деп бағалаған. Айта кетейік, жерлестер павлодарлық клубпен өткізген екі кездесуінде де жеңіске жеткен.

«Алматы» клубының қорғаушысы Владислав Казаманов – «Үздік гол», алматылық клубтың қақпашысы Богдан Нефедов «Үздік сейв» аталымында озық шықты.

● ФУТЗАЛ

Әлем чемпионатында күміс жүлде бұйырды

Футзалдан Біріккен Араб Әмірлігінің Рас-эль-Хайма қаласында өткен әлем чемпионатынан Қазақстан құрамасы ІІ орын иеленді. Айта кетейік, ұлттық құрама сапында әуесқойлар арасындағы ел чемпионатында топ жарған қарағандылық «Биосфера» командасының ойыншылары да бар.

Отандастарымыз ақтық кезеңде Румыния футболшыларымен кездесті. Ойынның соңғы минутына дейін отандастарымыз 1:2 есебімен жеңіп тұрған еді. Алайда, соңғы минуттарда қарсыластар таразы басын теңестіріп кетті. Екіншіке орай, ұлттық құрама пенальти сериясында 11:12 есебімен жеңіліп қалды.

● ФУТБОЛ

Қазақ футболының музейі ашылды

Қазақ футболының 110 жылдығына орай және отандық футболды насихаттау мақсатында Астанада Қазақстан футболының музейі ашылды. Іс-шараға «Астана» футбол орталығының тәрбиеленушілері, Қазақ футболының ардагерлері, отандық футбол клубтарының жетекшілері, Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев пен ұлттық құрама ойыншылары Бауыржан Исламхан, Ян Вороговский қатысты. Айта кетейік, музей Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұловтың бастамасымен ашылды.

Тарихқа жүгінсек, Қазақ футболы 1913 жылы Семей өңірінен бастау алған. Сол дәуірден бастап Қазақ футболының тарихынан сыр шертетін құнды жәдігерлер, фотосуреттер, деректер мен акпараттар жинастырылып, жаңа музейдің төріне қойылған. Әсіресе, аты аңызға айналған ойыншылардың жетесі, тарихтағы маңызды сәттерін осы музейден көруге болады.

Дайындаған Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

● ТАБИҒАТ ТАҢҒАЖАЙЫБЫ

Көкжиекті көмкерген тылсым сәуле

Бесінен алтыншы қарашаға қараған түні Осакаров ауданы тұрғындары аспан әлемінің ерекше құбылысына куә болды. Оны тұрғындар «Солтүстік шамдары» деп атап отыр. Мұндай табиғи құбылысты тек полярлық ендіктерден көруге болады. Алайда, түн ортасында Ресейдің оңтүстік аймақтарының тұрғындары «Солтүстік шамдардың» кадрларымен әлеуметтік желіде бөлісті. «Солтүстік шамдарын» Беларусь тұрғындары мен солтүстіктегі отандастарымыз да көрді. Аспанның бұл таңғажайыбын синоптиктер «Күн сәулесіндегі ең күшті магниттік дауылдар» деп түсіндіруде.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ресейлік синоптиктердің пайымынша, бұл, шынымен, мүмкін көрінеді. Әдетте, орталық ендіктердегі «Солтүстік жарығы» күн сәулесінен түзілген ерекше күшті алау кезінде көріледі.

– Аспандағы түрлі-түсті сәулелер – атмосфераның жоғарғы қабатындағы бөлшектердің жарқырауы. Бөлшек жарқырауы үшін ол өздігінен иондалуы тиіс. Бұл күннің ыстық лебінің күші арқылы жүзеге асады. Осыдан зарядталған бөл-

шектердің ағыны жерге көрінеді, – дейді сарапшылар.

Ал, ресейлік синоптик Александр Ильин 4 қарашада күн сәулесінде ең жоғары қуат пайда болатынын айтқан еді.

– Егер бұл күн бетіндегі сәулелер жарылысымен байланысты болса, онда бұл – ең жоғары қуат класы. Мұндай магниттік дауылдар электронды технологияның жұмысына әсер етеді. Негізінен, магниттік, сәулелердің ұзақ толқынды радиохабарларға, навигациялық жүйелерге де қатты әсер етеді, – деп болжады синоптик.



ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрлықтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальнаа Қарағанда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшының м. а – С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Призерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJ8K2XX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 124 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН